

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі принциптері, мақсаттары мен міндеттері:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің қызметі төмендегі принциптерге негізделген:

- заңдылық, демократия және кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау;
- кәмелетке толмағандар мен олардың отбасыларына жеке қарым-қатынас;
- алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау;

2. Құқық бұзушылардың алдын алу Кеңесі – алқалы орган болып табылады, оның мақсаты жоспарлау, әлеуметтік қауіпті жағдаяттардың (баланың қадағалаусыз қалуының, құқық бұзушылықтың, қоғамға жат іс-әрекеттер) алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру және орындалысын бақылау болып табылады.

3. Құқық бұзушылардың алдын алу Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау және жою;
- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- әлеуметтік қиын жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандардың қылмыстық және қоғамға қарсы істерге қатысуын анықтау және жолын кесу;